



Бекітемін:

А.А. Мусаева

«АлтынLand» ЖШС “АлтынLand” бөбекжайы
менгерушісі А.А.Мусаева

2026-2027 оқу жылының әдістемелік кеңес кестесі

1	«Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа 2026-2027 оқу жылына дайындық» 1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру: перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг, электронды портфолио жинақтау. 2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу - педагогтың кәсіби өсуінің факторы. 3. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары. 4. Ағымдағы мәселелер.	қыркүйек	Әдіскер
2	«Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу» 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы. 3. «Адал азамат» біртұтас тәрбиені оқу-тәрбие үдерісінде тиімді ұйымдастыру жолдары.	қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер
3	«Цифрлық педагогика және оқу жылының қорытындысы» 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Пед.ұжым жұмысын талдау. 3. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау. 4. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы тәжірибелерін жинақтау. 5. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту.	мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер

**«Алтынland» бөбекжайының 2026-2027 оқу жылында ұйымдастырылған
әдістемелік кеңес отырысының**

Хаттамасы №1

Өткізілген күні: 04.09.2026 ж.

Қатысқаны: 3 | **Қатыспағаны:** 0

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа 2026-2027 оқу жылына дайындық»

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа 2026-2027 оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру (перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг, электронды портфолио жинақтау).
2. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекетке (ҰІӨ) қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы.
3. Мектепке дейінгі ұйымда жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары.
4. Ағымдағы мәселелер.

I. Тыңдалды:

Меңгеруші А.А.Мусаева педагогикалық ұжымды жаңа 2026-2027 оқу жылының басталуымен құттықтап, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың басым бағыттарына тоқталды. Ол қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның маңыздылығын атап өтіп, педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру, білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану және оқу құжаттарын электронды форматта сапалы жүргізу қажеттігін айтты.

Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау бойынша жүргізілген жұмыстар туралы хабарлама жасады. Ол 2026-2027 оқу жылына арналған перспективалық жоспарларды, циклограммаларды, балалардың даму мониторингін және жеке даму карталарын жаңа талаптарға сәйкес цифрлық форматта әзірлеудің ерекшеліктеріне тоқталды. Электронды портфолионы талапқа сай рәсімдеу, құжаттарды Word және PDF форматында сақтау, электронды деректер қорын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілді.

II. Тыңдалды:

Меңгеруші-әдіскер А.А.Мусаева: «Өзара ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу, тәжірибе алмасу педагогтың кәсіби өсуінің факторы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашы өзара ҰІӨ қатысу педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдірудің тиімді құралы екенін атап өтті. Өзара бақылау барысында педагогтер

заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеріп, ҰІӨ ұйымдастырудың тиімді тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіби кері байланыс береді. Әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттен кейін жүргізілетін талдау педагогтердің шығармашылық ізденісін арттырып, оқу-тәрбие процесінің сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Сонымен қатар оқу жылы барысында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шеберлік сыныптары, коучингтер, тәжірибе алмасу алаңдары және әдістемелік семинарлар жүйелі түрде ұйымдастырылатыны айтылды.

III. Тыңдалды:

Әдіскер А.А.Мусаева «Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында жасанды интеллекттің (AI) мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі мүмкіндіктері кеңінен түсіндірілді. Тәрбиешілерге ChatGPT және басқа да цифрлық сервистерді оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану бойынша практикалық ұсыныстар беріліп, олардың кәсіби қызметіндегі артықшылықтары көрсетілді.

IV. Тыңдалды:

Әртүрлі мәселелер бойынша әдіскер А.А.Мусаева педагогикалық құжаттарды белгіленген мерзімде толық рәсімдеу, жаңа оқу жылының күнтізбелік жоспарларын бекіту, әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарын орындау, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына қатысу және жаңа оқу жылындағы әдістемелік іс-шаралардың кестесімен таныстырды. Мемлекеттік аттестаттау талаптарына сәйкес педагогтердің құжаттарының сапасына ерекше көңіл бөлініп, барлық құжаттарды цифрлық форматта уақытылы тапсыру тапсырылды.

Қабылданған шешім:

1. 2026-2027 оқу жылында педагогикалық үдерісті мемлекеттік нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
2. Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары, циклограммалары, мониторингтері және жеке даму карталары цифрлық форматта талапқа сай рәсімделіп, белгіленген мерзімде тапсырылсын.
3. Әрбір педагогтің электронды портфолиосы жүйелі түрде толықтырылып, кәсіби жетістіктері электронды форматта жинақталсын.
4. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу кестесі бекітіліп, тәжірибе алмасу жұмыстары тұрақты жүргізілсін.